

3

Басты көрсеткіш –
білім сапасы

6

«Теміржол темірдей
тәртіпке баулыды»



Сыр бойы

№150-151 (21026-21027) 4 қазан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- facebook

www.facebook.com/syrboyi.kz
- instagram

www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me

t.me/syrboyi_kz
- twitter

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ОПЕК БАС ХАТШЫСЫН
ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хайтам әл-Гаис әлемдік мұнай нарығының қазіргі жағдайы мен ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Президент ОПЕК-тің жаһандық мұнай нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін жоғары бағалады. Бұл ретте Хайтам әл-Гаистың сапарын еліміз бен ұйым арасындағы конструктивті диалогты дамытуда маңызды қадам ретінде қарастыратынын атап өтті.

Президенттің айтуынша, Қазақстан ұлттық мүддені қорғауға басымдық бере отырып, мұнай өндіру көлемін біртіндеп ұлғайту жөніндегі ОПЕК+ шешімін қолдайды.

Әңгімелесу барысында өңірдегі энергетикалық жүйенің орнықтылығын нығайту бағытындағы бірлескен шаралар пысықталды. Сондай-ақ мұнай өндіруші елдер мен көмірсутегін импорттаушы мемлекеттер арасындағы мүдделер теңгерімін сақтаудың маңызына мән берілді.

СЕРІКТЕСТІК
НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы кеше сондай-ақ, Халықаралық электр байланысы одағының бас хатшысы Дорин Богдан-Мартинді қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Халықаралық электр байланысы одағы арасында цифрлық және телекоммуникациялық технологиялар бағытындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Президент бас хатшыны Халықаралық электр байланысы одағының 160 жылдығымен құттықтады. Сонымен қатар заманауи цифрлық экожүйе мен дамыған инфрақұрылым қалыптастыру мәселесіне айрықша мән беріліп, Қазақстанның OneWeb, Starlink, Amazon Kuiper және Shanghai Spacecom Satellite Technology сияқты төмен орбиталы жер серіктері жүйесі жобаларына белсенді түрде қатысатынын атап өтті.

Бас хатшы Дорин Богдан-Мартин еліміздің цифрлық индустрияны дамытуға және жасанды интеллект технологияларын енгізуге бағытталған күш-жігеріне жоғары баға бере отырып Халықаралық электр байланысы одағының Қазақстанмен серіктестікті одан әрі тереңдетуге және бірлескен бастамаларды кеңейтуге дайын екенін жеткізді.

/// 5 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМ КҮНІ

ҰСТАЗ –
ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» МЕДАЛІ

ТОҚМАҒАМБЕТОВА
АЯКӨЗ АСҚАРҚЫЗЫ

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ

Мұғалімдер мерекесіне орай «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Ұстаз – ұлт шамшырағы» атты салтанатты іс-шара өтті. Мереке аясында аймақтың білім саласында абыройлы қызмет етіп жүрген ұстаздар қауымы марапат төрінен табылып, құрметке бөленді.

САЛЫҚ
САЯСАТЫ:
ӨЗГЕРІСТЕН
НЕ КҮТЕМІЗ?

Ұзақ уақыт бойы талқыға түскен салық заңнамасына Мемлекет басшысы шілде айында қол қойған болатын. Ол келер жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Құжат еліміздің салық жүйесін заман талабына сай жетілдіруге бағытталған. Кодекстің басты ерекшеліктерінің бірі – сараланған салық ставкаларының енгізілуі. Бұл әдіс табыс деңгейіне қарай әділдік орнатуға мүмкіндік береді.

/// ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ: ФИНАЛ

«ҚАЙСАР-АРЕНА»:
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЙЫНДАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласындағы «Aray City Mall» сауда орталығында футболдан Қазақстан кубогінің таныстырылымы өтіп, көпшілік назарына ұсынылды. Бұл шараға облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев, Қазақстан футбол федерациясы кәсіби клубтар арасындағы жарыстар өткізу дирекциясының басшысы Бақытжан Пазылхайыр қатысты.

Валюта бағамы \$ 546,96 kzt € 642,73 kzt ₸ 6,7 kzt

Ауа райы: Сенбі ☀️ +17° 🌙 +5° | Жексенбі ☀️ +16° 🌙 +6°

ҚҰРЫЛЫС ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа жылу-электр орталығында және Тәуелсіздік даңғылын жаңғыртудың екінші кезеңінде атқарылған жұмыстармен танысты.

Қызылорда қаласында электр және жылу энергиясын өндіретін жаңа орталық құрылысы қарқынды жүргізілуде. Инвестор «Akso Energy» түрік компаниясы қолға алған жобаның жалпы құны 215 млрд теңге, осы уақытқа дейін 178 млрд теңгеден астам инвестиция салынды.

Негізгі 2 газ турбиналық қондырғы (General Electric, АКШ), бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), 2 бу қазандығы (AS BOILERS, Италия) мен 4 жылу қазандығы (Mimsan, Түркия) салынуда. Құрылысқа қажетті өзге де материалдар жергілікті өндірушілерден алынған. Бюджет есебінен 15 млрд теңгеге жаңа орталыққа дейін 45 шақырым газ құбырының, автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы жүргізілді.

Тәуелсіздік даңғылын жаңғыртудың екінші кезеңі құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ұзындығы 2,867 шақырым, ені 14 метрлік төрт жолақты автожолмен қатар, ені 6 метрлік жаяу жүргіншілер және велосипед жолы салынды.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Осы жұмыстардың нәтижесінде жаксы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 95 пайызға жетті.

«СБ» ақпарат



ФИНАЛДЫҢ БАС КУБОГІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан футбол федерациясының жарыстарды ұйымдастыру директоры Бақытжан Пазылхайырмен бірге жаңа стадионға ашылуы алдында арнайы барып, жауапты басшыларға тапсырмалар жүктеді. Халықаралық стандарттарға, УЕФА талаптарына сай, соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған ғимараттың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр, жасыл алаңнан бөлек, бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, тазквондо және ауыр атлетика залдарынан тұрады. Келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет көрсету үшін барлық мүмкіндік бар.

Үш қабатты ғимараттың бірінші қабатында жаттығу залдары, екінші қабатында әкімшілік бөлмелер, үшінші қабатында спортшылар үшін және ауқымды жиындар өткізуге арналған бөлмелер қарастырылған. Халықаралық дәрежедегі ауқымды ойындарға дайын. Ашылу салтанаты қарсаңында жаңа стадионның футбол алаңы ФИФА-ның тестілеуінен өтіп, жоғары деңгейлі QUALITY PRO сертификатына ие болды. «Арай сити мол» сауда орталығында финалдың бас кубогі Сыр жұртшылығына таныстырылды.

Облыс орталығында «Қызылорда-арена» көпбейінді спорт кешені де салынуда. Онда олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Әлем

және Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары болады. Құрылысы 2026жылдыңекіншіжартыжылдығында аяқталады.

Өңір спортын дамытуда кейінгі үш жылда 20 спорт кешені ашылған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен тағы 6 спорт кешені пайдалануға беріледі. «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд 900 млн теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтеріп келеді. Биыл қордың қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарындағы жаңа спорт кешендері келушілерге қызмет көрсете бастады.

мен Білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры Жаксығұл Тоғанова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №9 мектеп-гимназиясының еңбек пәнінің мұғалімі Зоуре Шайхысламова «Шапағат» медалін иеленді.

Одан бөлек, бірқатар ұстаздарға ҚР Оқу-ағарту министрінің Ы.Алтынсарин төсбелгісі, «Білім беру ісінің үздігі», «Білім беру саласының Еңбек ардагері» медальдары, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды. Сондай-ақ бір топ ұстазға Біркөлік шипажайына жолдама берілді. Жалпы мерекеге орай мыңнан астам мұғалім марапат иеленіп отыр.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ҰСТАЗ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 400 млн теңгеге 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. 2023 жылдан бастап облыстық бюджеттің есебінен 5 млрд 700 млн теңгеге 2900 орындық қосымша ғимараттар салынды. Нәтижесінде, өңірімізде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты, – деді облыс әкімі.

Айталық, қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында құны 11 млрд теңге болатын балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жанакорған, Жалағаш, Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынды. Қайтарылған активтер есебінен 8 млрд 200 млн теңгеге 5 мектептің құрылысы қаржыландырылатын болады.

1-бет

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» ашылды. Бүгінде қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағында 10 млрд теңгеге жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Лагер аумағындағы саябақта Ботаникалық білім беру орталығының ғимараты салынуда.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Қызылорда қаласында кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтарының «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының құрылысы басталды. Бұған дейін Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқу ғимараты жатақханасымен бірге ел игілігіне табысталды.

Мереке аясында ҚР Президентінің Жарлығы-

«ҚАЙСАР-АРЕНА»: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЙЫНДАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Сонымен бүгін ел кубогінің финалы Қызылорда қаласының сол жағалау бөлігінде жанадан бой көтерген «Қайсар-аренада» өтеді. Шымкенттік «Ордабасы» мен Қостанайдың «Тобылы» финалда кездеседі. Жаңа стадион УЕФА-ның ең жоғары төртінші сатына лайық деп танылып, оған берілген арнайы сертификатқа ие болды.

– Биыл жыл басында Қазақстан футбол федерациясы Сыр өңірінде бой көтерген жаңа стадионда Қазақстан кубогі финалын өткізу жөнінде шешім қабылдаған еді. Облыс әкімдігінің тікелей қолдауымен спорттық нысан межеленген уақытында елдің игілігіне айналды. Федерация өңірлерде инфрақұрылымды дамыту

мәселесін мақсат етіп қойып отыр. Қызылордада тәуелсіз еліміздің тарихында салынған үшінші стадион пайдалануға берілмек. Бұл орайда облыс Президенттің Қазақстандағы спорттық инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі тапсырмасын алғашқы болып жүзеге асырды. УЕФА-ның сертификаттауға қатысты мамандары стадионға арнайы келіп, оны төртінші санатқа лайықты деп таныды. Алдымен жобаға қосымша түзетулер жасалды. Мәселен, оның сыйымдылығы 7 мың адамнан 11 мыңға артты, қауіпсіздік үшін электронды турникет қойылды. Автотұрақ тиісті талапқа сәйкестендірілді. Оған қоса комментаторға арналған бөлме іске қосылды. Енді стадионда барлық халықаралық ойынды өткізуге толық мүмкіндік бар, – деді Бақытжан Пазылхайыр.

Алдағы уақытта мұнда халықаралық ойындар өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ жолдастық кездесуге байланысты шетелдік түрлі клубтармен келіссөз жүргізілуде.

– Жергілікті жанкүйерлер келешекте стадионда «Қайсардың» Еуропаның үздік клубтарымен кездесуін тамашалай алады. Қазір оған қатысты тиісті ұсыныстар жасалуда. УЕФА талабында көрсетілгендей, қазір қалада бес жұлдызды бірнеше қонақ үй салынуда. Ал Қорқыт ата әуежайы халықаралық мәртебені иеленген. Сондықтан алдағы уақытта Қызылорда жұртшылығы өз командасының барлық деңгейдегі ойындарын жаңа стадионда көре алады, – деді Б.Артаев.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



AMANAT

ТАРАЗЫДА – ТОҒЫЗ АЙ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова жергілікті БАҚ өкілдеріне 9 айда атқарылған жұмыстарды таныстырды.

Партияның 2023-2027 жылдарға жоспарланған «Халықпен бірге!» бағдарламасын жүзеге асырудың арнайы Жол картасы әзірленген. Ондағы 110 тармақтың 32%-ы жүзеге асып, 68%-ы орындалуда. Мәселен, Қармақтың ауданының ІІІ Интернационал және Дүр Онғар ауылдарында спорт кешенінің құрылысы, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 3300 орындық 5 мектеп пайдалануға берілді.

Жалпы 9 айдың ішінде аймақтық және аумақтық филиалдар бойынша партиялық бақылау комиссияларының 73 отырысы ұйымдастырылған. Оның 9-ы аймақтық, 64-і аумақтық деңгейде. Комиссия отырысы мен рейдтік жұмыс барысында 466 ұсыныс әзірленіп, 329-ы орындалған. Бір айта кетерлігі, облыста партиялық жауапкершілікке тартылғандар жоқ.

– Сайлауалды бағдарламалардың уақытылы іске асырылуына үлкен үлес қосып келе жатқан келесі орган бұл – партия филиалдары жанынан құрылған түрлі бағыттағы кеңестер. Жыл басынан 45 отырысы өтіп, онда 135 мәселе қаралып, 197 ұсыныс көтерілді. Барлық кеңестер партия мақсатының орындалуына жүйелі бақылау мен бюджет қаражатының тиімді және ашық жұмсалыуына мониторинг жасауды қамтамасыз етуде. Сонымен бірге түрлі мәселелер бойынша нақты практикалық шешімдерді әзірлейтін диалог алаңдарына айналды, – деді атқарушы хатшы.

Партияның барлық филиалдарында қабылдау бөлмелері жұмыс жасайды. Онда азаматтар көтерген мәселелер бойынша арнайы «Ашық есік күндері» мен «Құқықтық көмек», партия жобалары аясында тақырыптық қабылдаулар өткізіліп, тұрғындарға тиісті кеңес пен көмек көрсетіледі. Мәселен, 6092 арыз-өтініш түссе, оның 62,8 пайызы оң шешімін тапқан. 2170 өтініш бойынша заңнамалық түсіндірме мен құқықтық кеңес беріліп, 92 өтініш негізінде жұмыс жасалуда. Республикалық деңгейде салыстырмалы түрде тіркелген өтініштер саны бойынша өңір 4-ші, ал оң шешімдер үлесінде 20 аумақтық филиалдың ішінде 6-шы орында.

«Құқықтық көмек» жобасымен өткен 32 тақырыптық қабылдауға 178 тұрғын жүгінген. Оның 17-не көмек көрсетіліп, 11-не толық құқықтық сүйемелдеу жүргізілген. Биыл жоба аясында қабылдаулар тек облыс орталығы мен қала статусы бар елді мекендерде өткізілуде.

Партияның бастамасымен жүзеге асқан «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында өткен жылы 11 мың адамды оқыту жоспарланып, өңірде 11210 адам тегін қаржылық сауаттылық арттыру курсынан өтті. Биыл жоба жалғасын тауып, ақпан айында 90 күннен астам берешегі барлар оқытылып жатыр. Қазіргі таңда 2745 азамат оқудан өтсе, 9390 азаматқа кеңес берілген.

«Жер аманаты» жобасы бойынша биылға жоспарланған 60 мың гектардың 51 мыңы қайтарылды. Қайтарылған жер мақсатты пайдалану үшін азаматтарға қайта табысталуда.

Қоғамдағы әйелдердің мәртебесін көтеріп, олардың белсенділігін арттыру үшін «AMANAT» партиясының барлық өңірлердегі филиалдары жанынан «Әйелдер қанаты» құрылған болатын. Ол жұмысын «Анаға тағзым» орталығында негізгі 10 бағыт бойынша жүргізілуде. Бүгінге дейін 1000-нан аса әйелдің қатысуымен 35 шара ұйымдастырды. «Әйелдер қанаты» отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесіп, отбасы құндылықтарын дәріптеуге, кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсетіп, ғылыммен айналысуына жағдай жасауға ықпал етуде. Қазір барлық аудандарда құру жоспарлануда.

Жалпы партияның 9 айда атқарған жұмысы ауқымды. Халыққа ұсынған сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда түрлі бағыттағы іс-шаралар жалғаса бермек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«Қызылорда облысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 37 664 теңгені құрайды».

/// БРИФИНГ

МЕРЕЙДІ ҮСТЕМ ЕТКЕН МАРАПАТ

Мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазды қабылдап, мемлекеттік наградамен марапаттады.

Президент қолынан мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да марапат алды. Солардың қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, «Парасат» орденінің иегері Ұлжан Жаңбыршиева және ардагер-ұстаз, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» Күміскүл Серекеева да бар. Марапат иелері өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингке қатысып, алған сөздерін бөлісті.

– Мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан марапат алдым. Бұл күн мен үшін ерекше, әсерге толы сәт болды. Толқым, осындай марапатқа лайық болғанымға қуандым. Бұл ұстазға деген құрмет деп білдім.

Осындай деңгейге жету үшін 50 жыл білім саласында еңбек еттім. Еңбек жолымды Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектептен бастадым. Мектепте сегіз жыл жұмыс істедім. Одан кейін ғылымға бет бұрып, университетке жұмысқа орналастым. Қарапайым мұғалімнен, аға оқытушы, доцент, профессор дәрежесіне дейін көтерілдім. Бұл дәрежеге жету оңай болған жоқ. Оның астарында қаншама еңбек, ізденіс жатыр. Мұнда ғылыми негізде оқулықтар, әдеби әдістемелік кітаптар, әдеби зерттеулер жазу келешек ұрпаққа қажетті дүниелерді жарыққа шығару керек болды. Сол себепті университетте жүріп, Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетіне аспирантураға оқуға түсіп, әдебиеттің өзекті мәселелеріне ден қойып, соның ішінде Сыр сұлейлерінің шығармаларын зерттей бастадым. Сондай-ақ «Тұр-



мағамбет Ізтілеуовтің ақындық мұрасы» деген тақырыпта диссертация қорғадым. Менің негізгі бағытым Сыр елінің ақын-жырауларының шығармаларын зерттеу болды. Мұнан бөлек жоғары оқу орнына арналған оқулықтар, әдістемелік оқу құралдарын, ғылыми мақалалар жаздым. Қазір 200-ден астам ғылыми мақала, 6 монография, 8 оқу-әдістемелік құралдың авторымын, – деді ол.

Сондай-ақ ғылыми жобалар негізінде жасалып жатқан жұмыстарына тоқталды. Білім саласындағы серпіліс, ұстазға деген құрмет, педагог мәртебесі, ауыл мектебі, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы, ғылым мен білімді көтеруге бағытталған түрлі бағдарламалардың жемісті жүзеге асып жатқанын жеткізді. Білім беру ісіндегі цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізу,

қолданудың пайдасы туралы кеңінен айтып берді.

Одан әрі ардагер-ұстаз Күміскүл Серекеева еңбек жолына тоқталып, жастардың мамандық таңдаудан қателеспеуі керектігін жеткізді. Білім саласында 40 жылдай еңбек еткен ұстаз талабы бар оқушыларды ғылыми жобаларға, байқауларға дайындап, жетістікке жетеледі. Мектеп жанынан ашылған жылыжайда оқушылармен бірге зерттеу жүргізе отырып, өнім алуды, күтіп-баптауды үйретті. Осылайша таза, табиғи өнімнен жасалған тағамды мектеп асханасының ас мәзіріне қосты. Қажырлы еңбегінің арқасында талай шәкірті халықаралық, республикалық додаларда топ жарып, ұстаз мерейін үстем етті. Кәсіби мереке қарсаңында еңбегі еленген ұстаз Мемлекет басшысының қолынан марапат алғанына, ұстаздардың ұлықталып жатқанына қуанышты екенін жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр» бойы

/// 5 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМ КҮНІ

БАСТЫ КӨРСЕТКІШ – БІЛІМ САПАСЫ

Президент тапсырмасынан туындайтын маңызды міндеттерді іске асыруда білім беру сапасын арттырумен қатар, тәрбие жұмысын жетілдіру, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, сондай-ақ педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге баса назар аударылады. Әрине, ол үшін жаңа форматтағы педагог, заманауи орта, ұлттық тәрбие мен цифрлық мүмкіндіктер үндесуі тиіс. Жаңалықтарға толы жаңа оқу жылының да алғашқы айы өте шықты.

Қандай жаңалықтар деген сұраққа жауап бере кетсек, біріншіден, білімнің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі білім беру сатысында республика көлемінде баламасы жоқ жобаларымыз сәтті жүзеге асырылуда. Мысалы, осы уақытқа дейін тәжірибесі ел аумағында таратылған «Тірек балабақшалар» желісін одан әрі кеңейту мақсатында «Оқуға құштар балабақша», «Талантты жұлдыздар» және «Ұлттық құндылықтар негізінде еңбекке баулу» жобалары бастау алды. Бұл балабақшаларды «Құзыреттілік орталық» ретінде заманауи үлгідегі интерактивті құралдармен жабдықтау үшін облыстық бюджеттен 57,8 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар ата-аналарға тұрақты қолдау мен кеңес беру мақсатында мемлекеттік 158 балабақшада «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер» жұмыс жасауда.

Осылайша бала тәрбиесінің бастапқы сатысында қолға алынған жүйелі жұмыстардың лайықты нәтижесін беретініне сенім мол. Жалпы өңіріміздегі 577 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 45 391 бала тәрбиеленуде. Алайда жыл соңына дейін балабақшамен қамтылған балалар саны әлі де арта түседі. Бұған біздің мүмкіндігіміз де, ресурстарымыз да жеткілікті.

Жаңа оқу жылында аймақтағы 339 мектепте 1-11 сыныптағы оқушылар саны 185 389-ды құрады. Оның ішінде, биыл 17 665 бүлдіршін мектеп табалдырығын алғаш рет аттады. Өткен оқу жылының атап айтарлық жетістігі: аймақтың 5 мектебі еліміздегі «Үздік 100 мектеп» қатарына енді. Бұл – өңірдің орта білім беру саласындағы үздіксіз ізденіс пен толассыз тәжірибе ұштасқан үлкен еңбектің жемісі десек болады.

Тағы бір жаңашыл бастама жайында айта кетейік, «Тірек мектептер» желісін қалыптастыру арқылы мектептерді профилілі дамыту бағытында «Бағдарламалау мектебі», «Жасыл мектеп», «Кәсіпкерлік мектебі» сияқты түрлі бағытта білім беру жұмыстары жалғасуда. Мемлекет басшының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 400 млн теңгеге 6900 орындай жасалған «Еліміздің құрылысы жүргізілуде. Бүгінде 5400 орындай 9 мектеп ел игілігіне табыстала, қалған 1 мектеп жақын күндері пайдалануға беріледі.

Заманауи үлгіде бой көтеріп, соңғы технологиямен жабдықталған «Келе-

шек мектептері» «Әр мектеп – үздік мектеп» қағидатына негізделген. Міне, осы мақсатта аймақ ұстаздарының алдында аса жауапты міндеттер тұрғанын айта кетуіміз керек.

Иә, жүйелі жұмыс бар жерде нәтиже бар. Соның бір дәлелі, ашылғанына жыл толмаған Қызылорда қаласының сол жағалауындағы №290 «Келешек мектебінің» оқушылары 7-10 тамыз аралығында Қытай Халық Республикасының Макао қаласында өткен халықаралық чемпионатта жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ал мектеп директорының республикалық дәстүрлі тамыз конференциясында Мемлекет басшысының алдында хабарлама жасауы аймақ ұстаздарына артылған жоғары сенім деп білеміз.

Өткен оқу жылында қол жеткізген жетістіктерімізді саралап өтсек, жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық, олимпиада және ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңіне 1095 оқушы қатысып, 532 оқушы жүлделі орын-дарды иеленсе, қорытынды кезеңде 44 оқушы қатысып, 13 оқушы жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ал халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсына 42 оқушы қатысып, 28 оқушы жүлделі орындарға ие болды. 2024-2025 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне 71 оқушы қатысып, 39 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Оның ішінде, 10 оқушы алтын медаль, 14 оқушы күміс медаль, 15 оқушы қола медаль иегері атанды. Ал олимпиада қорытындысымен, Қызылорда облысы жаратылыстану-математикалық бағытта «Ең үздік олимпиадалық команда - 2024» номинациясымен бірінші орынды, қоғамдық гуманитарлық бағытта үшінші орынды иеленді. Әрине, бұл аймақ ұстаздарының абыройлы еңбегінің айқын жемісі.

Тағы бір жетістігіміз, өткен оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың толық нәтижесін көрсету мақсатында жасалған «Еліміздің үздік 100 олимпиадалық мектебі» рейтингісіне біздің облыстан 5 мектеп енді. Олардың қатарында С.Шаухаманов атындағы №9 «Білім-инновация» лицей-интернаты, №10 «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазалы



“

Жаңа оқу жылында аймақтағы 339 мектепте 1-11 сыныптағы оқушылар саны 185 389-ды құрады. Оның ішінде, биыл 17 665 бүлдіршін мектеп табалдырығын алғаш рет аттады. Өткен оқу жылының атап айтарлық жетістігі: аймақтың 5 мектебі еліміздегі «Үздік 100 мектеп» қатарына енді. Бұл – өңірдің орта білім беру саласындағы үздіксіз ізденіс пен толассыз тәжірибе ұштасқан үлкен еңбектің жемісі десек болады.

”

ауданы №276 орта мектебі, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты және Жалағаш ауданындағы №123 мектеп-лицейі бар.

Биыл 27 шілде - 3 тамыз аралығында Боливия мемлекетінің Сукре қаласында мектеп оқушыларына арналған отыз алтыншы халықаралық олимпиада өтті. Беделді зияткерлік додаға әлемнің 98 елінен 400-ге жуық оқушы қатысты. Қазақстан құрама командасы атынан сайысқа түскен Қызылорда қаласы С.Шаухаманов атындағы №9 «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Мансұр Мамадахунов күміс медаль иеленді. Халықаралық аренада республика мен аймақтың абыройын асқақтатып жүрген дарынды ұландарымыздың білімдерін одан әрі жетілдіру мақсатында жан-жақты қолдаулар жалғасын табатын болады.

Бұдан бөлек, «Қазақстан Халқына» қоры арқылы 32,4 млн теңгеге болашақ инженерлер жобасы аясында 9 мектепке робототехника құрылғылары жеткізіліп, тиісті мамандары арнайы оқудан өткізілсе, биылғы жылы Қызылорда облысындағы ауылдық білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 50 орта мектеп пен 8 шағын жинақты мектептерді жалпы құны 1,5 млрд теңгені құрайтын заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қор талабына сәйкес жабдықталатын мектептердегі ұстаздары-

ретінде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағына Есбосынова Нағиша Қошпақызы мен Серекеева Күміскүл Дүйсенқызы ие болды. Ал ұстаздық жолда өзіндік ізін қалдырған Әбеннова Ләззат Өтегенқызына берілген «Ерен еңбегі үшін» медалі аймақтың білім саласының биігін асқақтата түсті. Мұнымен қоса, ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық конкурсынан 2022 жылы 4 педагог, 2023 жылы 5 педагог, 2024 жылы 6 педагог «Үздік педагог» атанып, әрқайсысы 3 млн теңге көлемінде грант иеленді. 2025 жылдың өзінде облыс педагогтері «Математикалық регата» байқауының республикалық кезеңінен бас жүлде, «Оқу және математикалық сауаттылық: табысты синергия» сайысынан командалық ІІІ орын, «Дарынды балаға – талантты ұстаз» байқауынан 5 әріптесіміз жүлделі орындар иеленді.

Педагог мәртебесін жоғарылату және оларды әлеуметтік қолдаумен қатар, ұлағатты ұстаздарымыздың қоғам алдындағы беделін арттыру, тәжірибесін тарату бағытында да қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, үздік педагогтердің тәжірибесі республикадағы «Үздікпен үйрен» және облыстық «Шебер педагогтер шеберханасы» жобалары аясында басқа педагогтерді әдістемелік қолдау мақсатында кеңінен таратылуда. Сол секілді, Абай атындағы мектеп және №290 «Келешек мектебінде» арнайы

«Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді»

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ.

«Ұстаздар галереясы» ашылды.

Президент тапсырмасына сай оқушыға білім берумен қатар, тәрбие жұмысын жетілдіру бағытында жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылады. Бұған байланысты сала бойынша жан-жақты іс-шаралар жоспары бекітілді. ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының визуалды сүйемелдеуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы брендбук әзірленіп, бағдарламаның негізгі құндылықтары мен идеясын бейнелейтін визуалды стильдер, түстер палитрасы, қаріптер, макеттер мен қабырға безендіру элементтері бекітілді. Жаңа оқу жылында пайдалануға берілген 3 «Келешек мектебі» және аймақтағы барлық орта білім беру ұйымдары осы брендбукке сәйкес безендірілді.

Биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылы» өткізуге байланысты кәсіптік білім беру саласын трансформациялаудың жол картасы қабылданды. Қазіргі таңда өңірімізде 28 колледж бар. Оны ішінде 19 колледжде 45 мамандық 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрларды даярланады. Жалпы 20 584 студенттің 4986-сы жұмысшы мамандығы бойынша білім алуа. 2025 жылы жастардың тегін кәсіптік білім алуы үшін мемлекеттік тапсырыс көлемі 5308-ді құрады. «Жұмысшы мамандықтар жылында» «Мансап компасы» платформасы арқылы 5000 оқушыға кәсіби бағдар беру, 20 мың оқушыға кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, 40 мектеп базасында бейінді сыныптар ашылды.

Халықаралық байланысты дамыту мақсатында колледждер Түркия, Қырғызстан, Германия, Ресей, Латвия, Өзбекстан, Польша мемлекеттерімен 7 халықаралық, 98 республикалық және 56 аймақтық оқу орындарымен барлығы – 161 ынтымақтастық меморандумға қол қойды. Жалпы 2024-2025 оқу жылының қорытындысымен білім беру саласының барлық деңгейлері бойынша атқарылған жүйелі жұмыстардың арқасында алға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткіздік.

Сөзіміздің нақты дәлелі, биылғы жылғы Ұлттық бірінғай тестілеу қорытындысы мен мемлекеттік грант иелену көрсеткіші бойынша облысымыз республикада үздік атанды. Қорыта айтқанда, аймақ ұстаздары төл мерекеге лайықты тартумен келіп отыр. Биылғы оқу жылы да абыройлы еңбек, айқын жетістіктерге ұласатынына сенім артамыз.

Асқарбек ЕСЖАНОВ,
облыстық білім басқармасының
басшысы

АУЫЛ МҰҒАЛІМІ ҚАЗАҚСТАНДА «ТОП-10» ҚАТАРЫНДА

Қазіргі уақыт өлшемімен қарасак, әрбір ұстаздың жетістікке жетуіне бірнеше жылдың қажеті жоқ, бастысы білім нәрін шәкірт бойына дарыта білетін шынайы қабілет керек. Бұлай айтуымыздың себебі, Сырдария ауданына қарасты Аманкелді ауылындағы Қ.Баймағанбетов атындағы №42 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Піржан Төлегеннің мұғалімдікке келгеніне 5 жыл ғана болған. Ол осы аз ғана уақыт ішінде қаншама кәсіби байқауларда жеңімпаз атанды.



ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕМІСІ

Ләззат Өтегенқызы 1977 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар ол 1993 жылы №12 орта мектебін «Үздік аттестатпен» аяқтады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және «Болашақ» университетінің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 1995 жылы Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында дикторлық қызметтен бастады. Іргелі ұжымдағы шығармашыл ортада тәжірибе алып, 1999 жылы өз мамандығы бойынша Қызылорда қаласындағы №3 гимназияға орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып орналасты. Ал 2005 жылдан бастап орыс сыныбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2008-2013 жылдар аралығында №3 мектеп-лицейінде директордың ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Теориялық білімі жоғары, оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген, сабақтары сапалылығымен, жан-жақтылығымен ерекшеленді.

Айта кетейік, №3 ІТ-мектеп-лицейінде 2021 жылдан бастап мектеп директоры Ләззат Әбеннованың авторлық жобасы – «Бағдарламалау мектебі» іске қосылды. Бұл жоба оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытып, оларды болашақ кәсіби бағдарға жетелейтін маңызды бастама. Бүгінде «Мектепті бас-

қаруды автоматтандыру», «Пәндерді оқытуда ІТ мүмкіндіктерін қолдану», «Бағдарламалау мектебі үйірмелері» секілді үш бағытта жүзеге асырылып отырған жоба өз нәтижесін беруде.

Мектеп-лицей шәкірттері үш жыл қатарынан республикалық және халықаралық ғылыми жоба байқауларында жүлделі орындарды иеленіп келеді. Мәселен, Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық зерттеу жобалары конкурсында Arduino негізіндегі қауіпсіздік моделін жасаған ІІ-сынып оқушысы жүлделі ІІ орынға қол жеткізді. Сондай-ақ мектеп-лицей оқушылары «Зерде», Smart City Hackaton, «Robotek Grand Turnament» сияқты байқауларда жеңіс тұғырынан көрінді.

Сабәк барысында ЖІИ технологияларын енгізу мұғалімдердің кәсіби дамуына да серпін берді. Сондай-ақ мектептегі DIGITAL STUDIO телестудиясы арқылы бірнеше жаңашыл жобалар іске қосылып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Ең бастысы, шәкірттердің ынтыасы мен еңбегі жемісін беріп, лицейіміз республика бойынша «Үздік 100 мектеп» қатарына енді. Алдағы уақытта №3 ІТ-мектеп-лицейі жасанды интеллектіні оқу үдерісіне тереңірек енгізуді жоспарлап отыр. Соның ішінде Python-да жасанды интеллект курсы, Unity ортасында казакша анимация

“

Мектеп-лицей шәкірттері үш жыл қатарынан республикалық және халықаралық ғылыми жоба байқауларында жүлделі орындарды иеленіп келеді. Мәселен, Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық зерттеу жобалары конкурсында Arduino негізіндегі қауіпсіздік моделін жасаған ІІ-сынып оқушысы жүлделі ІІ орынға қол жеткізді. Сондай-ақ мектеп-лицей оқушылары «Зерде», Smart City Hackaton, «Robotek Grand Turnament» сияқты байқауларда жеңіс тұғырынан көрінді.

әзірлеу, ІТ-журналистика бағытын дамыту қолға алынбақ.

«Бағдарламалау мектебі» – тек бір мектептің тәжірибесі емес, еліміздің орта білім жүйесіне енгізуге болатын үлгі, – дейді мектеп директоры Ләззат Әбеннова.

Ал мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдердің мөлшері өсті. Мүгедектігі бар адамдарға оның мөлшері 882 АЕК көлемінде болса, енді 5000 АЕК көлеміне дейін ұлғайтылып отыр.

Салық кодексіндегі өзгерістер мен жаңалықтар туралы облыстық кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елемановтан сұраған едік.

– Енгізілген өзгерістер бойынша 2026 жылдан бастап қосылған құн салығының мөлшерлемесі 16 пайыз деңгейінде белгіленеді. Медицина саласы үшін айналымға және импортқа келер жылдан бастап 5 пайыз, 2027 жылдан бастап 10 пайыз төмендетілген салық салынады. Жеке табыс салығы бойынша прогрессивті шкала енгізілді. Жылдық табысы 35 миллион теңгеге дейінгі азаматтар 10 пайыз, одан жоғары табыс иелері 15 пайыз мөлшерінде салық төлейді. Дивиденттер мен кәсіпкерлер табысына да осындай сараланған ставкалар қолданылмақ. Сонымен қатар, әлеуметтік салықтың мөлшерлемесі 6 пайыз көлемінде белгіленді. Алкоголь өнімдері мен темекіге салынатын акциз мөлшерлемелері жыл сайын 10 пайызға өсіп отырады. Тағы бір айта кететін жайт, мүлік пен жер салығы бойынша төлемдер есебі қысқартылады, салық тек жыл қорытындысы бойынша төленеді. Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлеріне салық көлемі қырық есеге ұлғайтылады. Бұл қадам жерді пайдалануға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Жаңа салық кодексіне сараланған ставкалар енгізіліп, қосымша құн салығы реформаланған. Сондай-ақ «Сән-салтанат салығы» мен арнайы режимдер енді. Жеңілдікті алудың ашық әрі нақты ережесі бекітілді.

Тағы бір маңызды тұсы – цифрландыру. Салық органдары сервистік модельге көшіп, кәсіпкерлер үшін қызмет көрсету сапасын арттырады. Салық есептілігінің нысандары 30 пайызға қысқартылды. Бұл бизнес пен азаматтар үшін айтарлықтай жеңілдік болмақ.

1-бет

САЛЫҚ саясаты:

өзгерістен не күтеміз?



Сурет ашық дереккөзден

Мүліктің әрбір түрі бойынша жеке баптар қарастырылған. Айталық, бағалы қағаздарды сату кезінде теріс және оң өсімді салыдо жасалады. Тұрғын үйлерді, саяжай құрылыстарын, гараждарды, тұрақ орындарын, қоймаларды, жеке қосалқы шаруашылық нысандарын сату кезінде құн өсімінен түсетін табысты айқындау кезеңі 2 жылға дейін ұлғайтылды. Бұрын қандайда бір мүлік сатып алынып, 1 жыл көлемінде қайта сату кезінде оң өсім болған жағдайда 10 пайыз төленетін. Енді

сол уақыт 2 жылға ұзартылуда, яғни 2 жыл көлеміндегі сатып алу, сату бақыланатын болады.

Жаңа Салық кодексіндегі басты өзгерістердің бірі – банктік шоттарды автоматты түрде бұғаттаудан бас тарту. Бұған дейін кәсіпкердің салық берешегі байлық есептік көрсеткіштен асса, барлық банк шоты бұғатталатын. Енді бұл шектеу жеңілдетіліп, 20 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды.

Егер салық қарызы болса, бұрынғы кодексте кешірек төлеуге мүмкіншілік

болған. Бірақ ол үшін кепіл мен сома көрсету керек еді. Енді кепілсіз төлеуге мүмкіндік берілуде.

Жеңілдетілген салық бизнестің 300-ден астам түріне қолданылады. Олардың қатарында 2 мың шаршы метрге дейінгі сауда орындарындағы бөлшек сауда, дәрханалар, қоғамдық тамақтану нысандары, қонақүйлер, тұрғын үйменкөліктіжалғаберу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, жолаушылар тасымалы, балабақшалар, үйірмелер, медициналық және әлеуметтік қызметтер. Алдын ала есеп бойынша, барлық салық төлеушілердің шамамен 70%-ы осы жеңілдетілген режимді пайдаланады. Демек, тұрғындарға қызмет көрсететін шағын бизнеске жеңілдік сақталады, ал ірі бизнес жалпы тәртіпке көшеді.

Келер жылдан бастап кәсіпкерлер мүлдем жаңа жағдайларда жұмыс істей бастайды. Негізгі өзгерістер корпоративтік табыс салығына қатысты. Базалық мөлшерлемесі 20 пайыз деңгейінде сақталады.

Банктік сектор мен ойын бизнесі үшін мөлшерлеме 25%-ға дейін, ал лизингпен айналысатын компаниялар үшін 10% болады. Білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы салалары үшін жеңілдетілген мөлшерлемелер енгізіледі. Ол 5 және 10 пайыз аралығында болады.

Сондай-ақ қосылған құн салығы да өзгереді. Келесі жылдан бастап оның мөлшерлемесі 16 пайызды құрайды. Жалақыға қатысты да жағымды жаңалық бар. Мәселен, қарапайым қызметкердің жалақысынан базалық салықтық шегерім 14 АЕК-тің орнына 30 АЕК мөлшерінде белгіленді. Мысалы, 200 000 теңге жалақы алатын болсаңыз, 14 АЕК шегерімі мен әлеуметтік аударымдарды есепке алғанда төленетін сома 163 900 теңге. Ал 30 АЕК шегерімі қолданылғанда төле-

нетін сома 170 200 теңге болады. Демек қарапайым қызметкерлердің жал-ақысы аздап ұлғаяды.

Арнайы салық режимдерінің жүйесі оңтайландырылып, бизнесте бөліну тәуекелдері азаяды және салық тексерулерін жүргізуге жаңа тәсілдер енгізіледі. Сондай-ақ энергетикалық сусындарға акциз салығы енгізіліп, люкс тауарларға, яғни қымбат көліктерге, яхталар және жылжымайтын мүлікке қосымша салықтар салынады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері қосымша құн салығынан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген қосымша құн салығы мөлшерлемесі белгіленеді. Ол бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (40 миллион теңге) төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетілмек. Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, оңайлатылған декларациянегізіндежәнешаруақожалықтары үшін. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Департамент басшысы орынбасарының айтуынша, енгізілген жаңалықтар салық жүйесін оңтайландыруға, әлеуметтік салаға қолдау көрсетуге және экономиканың ашықтығына бағытталған. Сонымен қатар әділ салық салу жүйесін қалыптастыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған кешенді құжат ретінде қабылданып отыр.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №161 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №161 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

- көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

2025 жылғы « ____ » _____ № ____ қаулысына қосымша

2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, теңге
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары	килограмм	10 000	4 200 000
2	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандарының шабағы (30 граммға дейін)	дана	276 200	4 143 000
3	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: дернәсілдер тұқы тұқымдас балықтар	дана	10 000 000	600 000
4	Балық өсіру - биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	дана	1	1 000 000
5	Дәрілік препараттарды сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	килограмм	400	200 000
Барлығы				10 143 000

Қызылорда облыс аумағында ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 27-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына және «Ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36700 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облыс аумағында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін:

- 1) Қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін - 70 теңге;
- 2) Қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін - 120 теңге;
- 2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

М. Тлеумбетов

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Қазақ әдебиеттанушыларының пайымдауынша, өткен ғасырдың 50-60 жылдары қазақ әдебиетінің алтын ғасырына сәйкес келген уақыт болыпты. Біздіңше, әсіресе қазақ өлеңінің қазақ лирикалық поэзиясының бұрын-соңды болмаған күйде мазмұндық әрі формалық жағынан жан-жақты дамып тақырып ауқымы, ізденістер мен әлемдік әдебиеттің биіктеріне ұмтылуы мен қол созуының да тайға таңба басқандай көзге көріне түсетіні осы жылдарға тұспа-тұс келеді. Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, К.Ахметова, И.Оразбаев, И.Исаев, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова сынды дүлдүл лирик ақындарымыздың шығармашылықпен қаламгерлік қажыр-қайратпен қызмет еткен уақыттары да осы жылдарға деп түседі. Топ жұлдыздардың ішінде өзінің дидактикалық, философиялық өлеңдерімен жарқырап көрінген Қ.Мырзалиев болды десек, бұған ешкім қарсы бола қоймас. Ақынның «Дала дидары», «Ой орманы» секілді өлең кітаптары қазақ поэзиясының шоқтығы биік туындылары болып қалды, қазақ әдебиетін биік белестерге көтеріп тастады.

ҚАДЫР ЖЫРЛАРЫН СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Қадекеннің өлеңдеріндегі афоризмдер, тіпті тұтас шумақтар күні бүгінде оқырманның ойында жаттаулы, жүрегінде хаттаулы. Оларды қарттар да, жастар да, жасамыстар да кез келген уақытта айтып жүреді, ауыздарынан тас-тамайды. Мысалы мына өлең шумақтарына назар салып көрейік:

Адам күліп тұмайды, туа сала күлмейді.
Үйренеді күлуді, бірақ күліп өлмейді.

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,
Және жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туарда – жамандар бар қинайтын,
Жылайтыны өлерде – жаксылар бар қимайтын.

Өлең шумақтарын ойдағы, ұғылдағы контрастка құру арқылы өлеңде айтылмақ ойдың мән-мағынасын тереңдеті, қоюлата түсуі ақынның дара қолтаңбасы, ешкімге ұқсамайтын өзіндік стилі.

«Сұлу қызды көргенде ақылды қызды аяймын» деген сияқты өлең жолдарын тек Қадыр Мырзалиев жазса керек.

Мәселен жоғарыдағы өлеңдегідей: адамдардың өмірге жылап келіп, жылап кететіні де ақиқат қой. Ақын бізге өмірдің мән-мағынасын, ащы шындықты, ақиқатты тура айтумен ұғындырып отыр.

Поэзия тілі – барынша бедерлі де бейнелі, көркем де күрделі тіл.

Ал осы өлең өрнектерін ойлы оқырман тілімен жалпы оқырманға жеткізу бұл жағайып көркемділікке ие тәсіл. Ақынның поэзиядағы жетістіктерін сөз өнерінің сикырына бойлай берілген Сәпен сияқты сезімі сергек, түйсігі терең ойлы оқырманның зердесі арқылы қайта қорытылып жатса, бұндайдың өзіндік әсер-ықпалы өзгеше болады.

Сәпен ағамыз қарапайым оқырман тұрғысынан Қадыр

ақынның осындай ойларын түсініп қана қоймай, оқырманға айтылған тұжырым-түйіндерін жан-жақты, бүге-шүгесіне дейін түгел жеткізген.

Әдебиетті, оның ішінде поэзиялық дүниелерді түсіну үшін мәселенің формалық-құрылымдық жағынан төрі мазмұндық сыр-сипатына көбірек мән беру керек секілді. Ақын не айтқысы келді, бұл мәселе бұрын поэзияда қалай айтылып келді, қазір қалай айтылып жүр. Ақын суреткерлік тұрғыдан осы мәселені жырлауға қандай үлес қосты, бейне мен бейнелілік жағынан. Болашақ жаңа қазақ әдебиетінде бұл мәселе қай жағынан, қалай суреттелуі мүмкін?!

Біз осы сұрақтарымызға Сәпен Аңсағ ағамыздың «Жүрегіме жеткен жыр» кітабын оқып бірқатар жауаптар тауып жанымызды жалдыраттық, жан-жүрегіміз елжіреді. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді» деп Қадыр ақынның өзі айтқандай, Сәпен ағамыздың өнерсүйгіш-өленсүйгіш жүрегі – Қадыр ақын жырларына терең бойлапты. Қадыр ақынның жырларындағы сөздің сөлін тамыршыдай тап басып, танып, дәл тауып, олардың өлең контекстіндегі қызметін көзімен аман қаламгердей терең үйілген, өзімен бірге өзге оқырманды да ақын әлеміне, ақынның философиялық-дидактикалық сарындағы шынайы шығармаларына оқырмандарды шыңырау құдықтың түбін іздеп келгендей үңілген екен.

Қадекеннің «Даналықты қазыққа дала берген секілді» деген сияқты ұлттың жанына жан-жақты үңіле отырып сипаттама жасауы оның қазақ өлеңіндегі ұлттық сипат пен ұлттық мінез мәселесінің іске асқанын дәлелдейтін үзінділер екенін де Сәпен үзілдіртіп айтады, майдан қыл

сұырғандай байыпты баяндайды.

Тұтасымен түгелдеп айтар болсақ, Қ.Мырзалиев өлеңдері тек 60-жылдардың ғана емес, бүтін қазақ әдебиетінің өлшеусіз ерен, ерекше көркем туындылары, әдебиеттің ұлттық мінезін мәрмәр тасқа қашағандай етіп, кез келген өлеңді әдебиеттің басты қасиеті ұлттық сипатқа малындырып алып барып дүниеге келтіретініне Сәпен ағамыз дәлелді мысалдар келтірген.

Ал ендігі бір заңдылық оқырманы көп суреткер ол ақын, прозаик не драматург болсын бәрі-бір ол шынында ең бақытты, жолы болған қаламгер болып табылады. Әлімсақтан бері солай болған, солай бола берелі де. Бұл жағынан келгенде де Қадекен алдына қара салмайды. Кітап дүкені серелерінде Қ.Мырзалиев шығармалары тұра бермейді, тез тарап кетеді.

«Жүрегіме жеткен жырды» оқығаннан кейін келетін бірінші ой, оқырмандар мен ел ішінде анда-санда айтылып қалатын «қазір өлең оқылмайды» делінетін пікірлердің жаңсақтығы.

Екінші келетін ой – ел ішінде күні бүгінде өлең сүйіп оқытын табынушылар мен ойлы оқырмандардың бар екендігі.

Үшінші ой – біздің қоғамда оқырмандардың БАҚ құралдарында көркем шығармалар, олардың авторлары туралы пікір-ой айтуы еск етек алмағаны өкінішті-ақ. Осындай олшылықтардың орнын Сәпен Аңсағ ағамыздың «Жүрегіме жеткен жыр» кітабы толтыратыны сөзсіз.

Сәпен аға! Қаламыңыз ұшпала берсін, жаксылық жаршысы болып жүрген қалпыңызда жүз жасаңыз, рақмет.

Бағдат КӘРІБӨЗҰЛЫ



Күн сәулесіндей ұстаз

Тазагүл Сейітжанқызы 1945 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Бозкөл ауылында дүниеге келген. Сейітжан Сарышұлы мен Збира Нұрқожақызының отбасында сегіз баланың үлкені Тазагүл бауырларына болысып, үй шаруашылығына қолғабыс беріп өседі. 1960 жылы жеті-жылдық ауыл мектебін бітіріп, 14 жасында М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде оқуын жалғастырады. Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде білім алады. 1964-1967 жылдары №96 «Бозкөл» орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. 1967-1970 жылдары Абай атындағы ауылдың №90 орта мектебінің директоры қызметін атқарады. Осы жылдары аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болып қатысып, өңірдің саяси өміріне араласады. 1970-1978 жылдары тұрмысқа шығуына байланысты Арал қаласына қоныс аударып, №15 мектепте мұғалім болады. 1980-2008 жылдары зейнет демалысына дейін М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде дәріс береді. Есімде, күздің тамылжыған кезі еді. Жаңбырдың құйып тұрғаны сонша тамшылардың тырсылы терезеге тыным берер емес. Аудиторияда «Балалар әдебиеті» дәрісі жүріп жатқан. Ұстазымыз Тазагүл Сейітжанқызы терезеге ойлана қарап тұрды да, қабағын әнтек шытып: «Мына жаңбырдың екпіні қатты екен. Ала жаздай бел жазбаған диқан қауымына обал болды-ау» деді бәсең үлмен. Жылдың қай мезгілі болсын, тіпті Құдайдың қайсы бір құтты күні болсын, жаңбырдың жауғанына балаша мез болатын қайран басым күзгі жиын-терімге дейінгі жауынның жер сауған дала адамдарына қиындық әкелетіні жайында бірінші рет ойландым. Осы көріністің санамда сақталып қалғаны соншалық, күні кешегідей көз алдымда. Содан бері қарай отыз жылға жуық уақыт өтті, күзгі жаңбырдың әр тамшысы болмысынан бекзаттық самалы есіп тұратын Тазагүл апайды есіме түсіреді. 1994-1998 жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда

педагогикалық колледжінде «Бастауыш мектепте оқыту және әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша білім алдым. Мектептің тоғызыншы сыныбынан соң педколледжге оқуға түскен біздің әрбіріміз, шын мәнінде, балаң едік, ұяң едік. Айналамызға мейірлене махаббатпен қарайтынбыз. Ұстаздарымыздың дәріс үстінде айтқан әрбір сөзі, қимыл-әрекеті біз үшін үлкен мектеп болатын. Үйренгіміз келетін, ұқсағымыз келетін. Әсіресе Тазагүл Сейітжанқызының жүріс-тұрысы, киім-кіісі, өзіне-өзі ұстау әдебі, сөйлеу мәнері әрбіріміздің көңілімізге көшіп алғаны сонша, оқу ғимаратының маңынан апайдың сона-а-ау алыста келе жатқан көлікті асықпай күтіп, баппен, барынша әдемілікпен, кербездікпен көшені кесіп өтіп бара жатқанын көре қалсақ, аузымыз ашылып қарап тұратынымыз есімде. Дәріс үстіндегі апайдың дауыс ырғағы әлі құлағымда. Тазагүл апайдың сабағына дайындалмай келуге жүрегіміз дауаламайтын. Өйткені кім сабаққа дайындалмай келіп жексе сонысымен қоймай, әйтеуір шала-пұла айтып беруге тырысса, апай оқушының үздік-создық айтып тұрғанынан-ақ дайындықсыз келгенін бірден түсінетін және «отыр» дейтін дауысын сәл көтеріп, қабағын шытып. Апайдың осы кездегі көзқарасы бізге «екі» қойғаннан да ауыр еді. Катты дауыс көтермейтін, ұрыспайтын, бірақ не айтқысы келгенін қабағымен ұқтырып, көзқарасымен ықтырған бұл да бір педагогтің үлкен шеберлігі болар деп шамалаймын. Ал үй тапсырмасына тыңғылықты дайындалып келіп, сабақ айтқан кезімізде Тазагүл апай да керемет көңіл-күйде, жүзі жадырап, әрбірімізге мейірленіп отыратын. Мұндайда өзіміз де ерекше қуанушы едік. Жан жүрегіңмен жаңа тақырыпты түсіндіргенде оның осындай қайтымы болғаны да ұстаз бақыты екен ғой. Біз мұғалім болу үшін осы педколледждің партасында отырдық емес пе? Нағыз мұғалім қандай болу керек екенін осындай ұстаздардың үлгісінен көріп өстік. Тазагүл Сейітжанқызы сабақты керемет түсіндіретін, оқушы зердесіне құйып жіберетін. Шешен сөйлейтін. Әде-

мілік адамның сыртқы келбетінде ғана емес, оның ішкі жан-дүниесінде десек, Тазагүл ұстаздың аузынан шыққан әрбір ой маржандай төгіліп түсетін. Әрбір тақырыпқа өзінше бөлек қарайтын, ақын-жазушылардың жан сарайын ашкандай, өлең-сөздің ырғағындай тең түскен тіркестер бізді әдебиет әлемінің тылсымына еріксіз бойлатып, өнбойымызды шарптитын. Міне, осындай Ұстаз болсақ деген арман-тілекпен педколледж қабырғасынан біз ғана емес, жылдар жылнамасында сан мыңдаған түлек ұшып шықты емес пе?! Бала кезден күнделікпен дос едім. Тазагүл апай туралы жазар алдында соларды парақтап отырдым. Көзіме оттай басылды: 1997 жылдың 1 қазаны күні «Тазагүл апайдың әрбір сөйлеген сөзінен, әрбір оқыған лекциясынан, әрбір өткен сабағынан өнер әлемінің шешендік мектебінен тәлім алғандай күйге түсесін. Менің мұнша ойы орамды, шебер, шешен тілдің шын ұстасын бірінші кездестіруім» деп жазыппын. Тазагүл апай мені әдебиетке ғашық етіп қана қоймай, жазу өнеріне жолымды ашты. «Сен өлең жазасын ба?» деп сұрады бірде. Бұл біздің төртінші курсты тәмамдап, диплом алған жазымыз еді. Ертеніңе қанша қысылсам да дәптерлерімді апарып бердім. Өз қолымен тілек жазып беріп еді: «Сенің орның шырқау биікте болсын. Өмірде де, өлеңде де жолың болсын, жаным! Аналық, ұстаздық ақ тілегім осы». Бұл тілек менің өмірімнің темірқазығындай болды. Апайдың аналық ақ батасымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің журналистика мамандығына оқуға түстім. Жаксы өлең жаза алмасам, ең болмағанда жаксы өлеңнің оқырманы болып қалайын деп өлеңдерімді жарыққа шығара қоймадым, әйтсе де соң өнерінен алыс кетпедім. Жылдар бойы жүрегімді әлдилеген Тазагүл Сейітжанқызы туралы осы ойларымды қағаз бетіне түсіре отырып, ұстаз – кемел тұлға және оның күн сәулесіндей күші болады дегенді қайыра айтқым келеді.

Айжан АБДУЛЛАЕВА



АЛЫСТЫ ЖАҚЫН ЕТКЕН...

«Айшылық алыс жерлерден Көзінді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғызды» – заманның болашағын болжаған ақынның осы өлең жолдарын білмейтін жан жоқ шығар, сірә?! Иә, алысты жақын етіп, қашықтан хабар алғызатын не құдірет, қандай технология екенін де бірден түсіне қоясын. Бүгінде байланыс – қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Осы орайда, автоматты телефон стансасын Қызылорда облысында бірінші кезекте салу туралы мәселе көтерген азамат – осы Сыр өңірінің тумасы Әбдіхан Көбеев. Оның ізденісі мен ілімінің арқасында кезінде алыстағы жақынынан апталап, айлап хабар ала алмаған халық, еш кедергісіз байланыс желісі арқылы туғанының дауысын естіп, жолдасының жай-күйін біле алды.

Әбдіхан Көбеев 1934 жылдың мамыр айында асау толқыны жағаға ұрған теңіз жағалауындағы Арал қаласында дүниеге келген. Әкесі Жұмахмет мұғалім еді. Әбдіханнның жастайынан зерек, алғыр болып өсуіне әкесінің әңгімелері әсер еткен. Ол ілім, білімге құштар болды. Күндіз құрқылтайдің ұясындай қуыс үйдегі кеудесінен ғана келетін терезенің алдында рет 500 нөмірлік АТС Арал қаласында іске қосылды. Ал 1968-1970 жылдары Қызылорда қаласынан кейінгі екінші телеорталық Арал қаласына қонырылып, аудан халқы теледидар көретін жағдайға жетті. Әбдіхан Көбеев 1961-1970 жылдары Арал ауданының байланыс саласын басқарғанда ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарды. Халықтың ризашылығына бөленіп, 1970 жылы облыстық партия комитетінің шешімімен Қызылорда қаласының біріккен байланыс контторының басшысы қызметіне тағайындалды. Ол басшылық қызметке келгенде облыс орталығында бар-жоғы 4000 нөмірлік жалғыз АТС жұмыс істеп тұрса, 1970-1978 жылдары АТС-2, 3, 4, 5, 6 телефон станциялары орнатылып, тұтынушылар саны 28 мыңға жеткізілді. 1979 жылы оның толымды тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілетін ескерген басшылық облыстық өндірістік-техникалық байланыс басқармасының басшылығына бекітті. Бұл жауапты қызметті 16 жылдан астам уақыт атқарып, ел-халықтың алғысына кенелді. Республиканың 19 облысының ең соңында

жүрген аймақтың байланыс жүйелерін қалыптастыруға зор еңбек сіңірді. Қала, аудан орталықтарында жаңа типтік ғимараттар салынып, оған жаңартылған техника, құрал-жабдықтар орнатылды. Арал, Жанакорған, Шиелі, Сырдария аудандарында жаңадан ғимараттар салынса, Тереңөзек, Қазалы аудандарындағы ескі ғимараттар күрделі жөндеуден өткізіліп, кеңейтілді. Елді мекендерге 50-300 нөмірлік шағын АТС қонырылып, 107 ауылдың тұрғындары аудан, облыс орталығы және еліміздің басқа қалалары тұрғындарымен тікелей сөйлесу мүмкіндігіне ие болды. 1984-1985 жылдары шалғай елді мекендерге спутник арқылы көрсететін теледидар қондырғылары орнатылды. Осының арқасында жаңадан ашылған облыстық телерадиокомитет бағдарламалары барлық ауданға таратыла бастады. Әбдіхан Көбеев құрдақпырт даңғазалықты жаны сүймейтін. «Басты медалім – халықтың ризашылығы, алыстағы ағайынынан хабар ала алған адамдардың алғысы» дейтін көзі тірісінде. Оның еңбекпен өрлген өмірі көпке өнеге. Білгенімен бөлісіп, байланыс саласының білгірлерін тәрбиеледі, талай жастың тәлімгері болды. Қазіргі уақытта «Мен Әбдіхан Көбеевтің шәкіртімін» деп мақтанышпен айтып жүрген білікті мамандар облыстың байланыс саласында қызмет етеді. Көзі тірісінде жазған автобиографиялық кітапта былай деген: «Мен бақыттымын! Көшеге еркін шыға аламын, адамдармен күліп амандасамын. Өзім танымайтын көп адамдар сәлем беріп жатады, көп азаматтар сыртымнан: «Анау Көбеев, ол Әбдіхан» деп көрсетіп, «қай үйге қонаққа бара жатыр екен?» дейді. Рәкмет!» Ризығын еңбекпен тауып еліне деген құрметін, жеріне деген сүйіспеншілігін адал қызметімен дәлелдеген жанкешті жанның өмірден өткеніне де бір жыл болды. Өрине, рухына Құран бағышталып, отбасы, жора-жолдастары еске алар. Ал сіз, қадірлі оқырман, байланыс саласының дамуына үлес қосып, жақынды алыс еткен азаматтың құрметіне уақыт тауып, көптен бері сөйлеспеген адамыңызға, әкенізге, анаңызға, бауырыңызға, досыңызға, тіпті, көршіңізге хабарласып, хал-жағдайын біліңіз...

Алина ПАРАДЖАН

Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру

Талапкер «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы жауапкер «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-нан лиценздік шарттар бойынша қалыптасқан негізгі қарыз бен сый-ақы қарыздарын өндіруді, кешіктірілген күндерге есептелген өсімпұл сомасын өндіруді, тараптар арасындағы лиценздік шарттарды бұзуды және шарт бойынша берілген техникаларды кері қайтару туралы сотқа жолданған арызды негізінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.09.2025 жылғы үйғарымымен азаматтық іс қозғалып, сот отырысы 08.10.2025 жылы сағат 11.45-ке тағайындалғаны хабарланады.

Бақылау-касса машиналарының деректерін беру хаттамасының жаңа 2.0.3 нұсқасына көшу

ҚР ҚМ МКК бақылау-касса машиналарының (әрі қалай-БКМ) қолдану тәртібіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, деректерді тіркеу және (немесе) ФДО серверіне беру функциясы бар БКМ деректерді берудің жаңа хаттамасын, 2.0.3 нұсқасын (әрі қарай-2.0.3 нұсқасының Хаттамасы) әзірлегендігін хабарлайды. 2.0.3 нұсқасының Хаттамасы Комитеттің ресми интернет-ресурсында 2025 жылғы 20 маусымда жарияланды. 2.0.3 нұсқасының Хаттамасында БКМ-ді тауарлардың Ұлттық каталогына автоматты түрде қосуға және БКМ-нің нақты орналасқан жерін анықтайтын ФДО жағында геолокацияны анықтауға арналған сервис көзделген. Осыған байланысты, аппараттық-ба-

дарламалық кешендер болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілер 2025 жылғы 15 қазанға дейін, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы (темірқасалар) болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілерге 2025 жылғы 15 қарашаға дейін 2.0.3 нұсқасының хаттамасына сәйкес БКМ функцияларын қайта бағдарламалау жүргізу қажет. БКМ қайта бағдарламалау үшін БКМ әзірлеушілеріне және БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажет. Сонымен қатар, 2025 жылдың 17 қарашасынан бастап ФДО 2.0.2 нұсқасының Хаттамасын өшіру жоспарланғанын хабарлайды.

Хабарландыру

2025 жылдың 09 қазан күні сағат 11.00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайында «Сырдария-1» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-гі қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Күн тәртібінде: 1. Серіктестіктің Жарғылық қорын көбейту, Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, бекіту туралы. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейін несие желісін көбейту, ұлғайту туралы өзгерістерді бекіту, кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімінің сату және акцепсіз шығару құқығына келісім беру туралы. 2. Серіктестіктің қатысушылары үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы. 3. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

/// 5 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМ КҮНІ

БОЛАШАҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Ұстаз болу – үлкен жауапкершілік. Ол тек қана білім үйретуші емес, рухани тәрбиеші, адамгершіліктің үлгісі. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, әр шәкірт бойындағы қабілетті ашып, өмірге жол сілтеу – мұғалімнің басты міндеті. Оқушының жетістігі – ұстаз еңбегінің айнасы.

№286 орта мектебі – ауданымыздағы мақтанышка айналған білім ұясы. Мектепте қолайлы жағдай жасалып, заман талабына сай жаңа технологиялар енгізілуде. Білім сапасының тұрақты артуы – ұстаздар қауымының қажырлы еңбегінің айғағы.

Оқу – өндірістік комбинат жұмысының

қолға алынғаны – биылғы жылдың басты жаңалығы. Енді оқушылар біліммен қатар, практиканы қатар ұштастырып, арнайы сертификатқа ие болатыны қуантады. Бұл өзге білім ошақтарының арасындағы ең озық бастаманың бірі. Оқу комбинатының үздіксіз әрі дұрыс жұмыс жасап жатқаны – оқушылардың кәсіптік

бағыт-бағдарын қалыптастыруда үлкен мүмкіндік беруде. Жыл сайын мектеп ішінде тың жобалар жүзеге асып, жас ұрпаққа жаңа бағыт-бағдар көрсетілуде.

Осындай толағай табыстардың көшбасында – мектептің тәжірибелі басшысы, білікті ұстаз, мықты мотиватор Ләззат Машбекқызы тұр. Ол кісінің басшылық қабілеті, жаңашыл идеяларды батыл енгізуі, ұстаздар қауымын ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі – мектептің дамуына ерекше серпін беріп отыр. Бүгінгі жетістіктер мен мерейлі биіктер іскер басшылықтың және тату ұжымның ортақ еңбегінің жемісі екені сөзсіз.


Ата-аналар үшін ең үлкен қуаныш – баласының сапалы білім алып, жетістіктерге жетуі. Осы тұрғыдан келгенде, біз №286 мектеп ұжымына ризамыз. Біздің балаларымыз осы алтын ұяда тәрбиеленіп, ел ертеңіне лайық білім алып жатыр. Соның ішінде ұлым Тілесхан Алпамыс та осы мектеп қабырғасында оқып, түрлі жетістіктерге қол жеткізіп, халықаралық деңгейдегі марапаттарға ие болуы – ұстаздардың шеберлігінің айқын дәлелі. Әрине, әрбір мектептің, баланың жетістігі ата-аналар үшін зор мәртебе. Бүгінгі кәсіби мерекеде ұстаздарға мықты денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасыларыңызға береке-бірлік тілейміз. Сіздердің әрбір еңбектеріңіз шәкірттеріңіздің толағай табыстарымен көрініс тауып, елдің абыройын асқаттата берсін!

Мақпал АҚБАРҚЫЗЫ,
ата-ана



Қалада көненің көзіндей сақталып келе жатқан санаулы ғимарат бар. Олардың әрқайсысының өзіндік тарихы мен сыры сақтаулы. Солардың бірі – қазіргі ескі базар аумағында орналасқан «Аль-Асад» сауда үйі. Көпшілік мұны сауда үйі ретінде біледі. Ал оның тарихы тереңде.

КӨНЕ ҒИМАРАТТЫҢ СЫРЫ



Бұл ғимаратта төрт класты қазақ жастарына арналған түземдік мектеп болған. Қазан төңкерісінен кейін, 1925-1929

жылдары баспахана қызметін атқарып, одан республикалық «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттері, өзге

де басылымдар жарық көріп, еліміздің әр түкпіріне тарайды. Сондай-ақ 1929-1973 жылдары облыстық кітапхана, кейінгі уақытта тігін-тоқыма фабрикасының үйі орналасты. Бұл туралы «Сыр журналистикасының тарихы» кітабының 3-томында 1925-1929 жылдары Қызылорда астана болған аралықта ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасқаны, «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттері басылғаны, кейін бұл ғимаратқа аяқ киім фабрикасы көшіп келіп, мұнан соң жекеге өтіп, «Аль-Асад» дүкеніне айналғаны жазылған.

Қазіргі «Аль-Асад» дүкені – XIX ғасырға тән сәулет үлгісінде салынған Қызылорда қаласындағы ең ескі құрылыстардың бірі. Бұл ғимарат 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы бойынша негізі қаланып, қыздар приход училищесі болып ашылды. Кейіннен мұнда Перовск орыс-қазақ училищесі, жоғарыда атап өткендей Қызылорда астана болған жылдары ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасты.

Кейінгі жылдары бұл ғимаратта аяқ киім фабрикасы орналасып, тоқсаныншы жылдары жекешелендіру уақытында жекеменшік қолға өтіп, «Аль-Асад» сауда дүкеніне айналды. Қазіргі уақытта ғимарат – мемлекет қорғауына алынған жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Сонымен қатар, 2017 жылы ғимарат қабырғасына «Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдар аралығында осы Перовск училищесі ғимаратында оқыды» деген тақта орнатылды.

«СБ» ақпарат



Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында еңбегімен елге сыйлы болған азаматтар жайлы материалдар жариялап, олардың өнегелі ісін көпке үлгі еттік. Солардың қатарында нәзік жанды болса да теміржол саласында 15 жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқан Айгерім Қалменова бар.

«ТЕМІРЖОЛ
ТЕМІРДЕЙ
ТӘРТІПКЕ
БАУЛЫДЫ»

Ол Қармакшы ауданының тумасы. Мектепті ойдағыдай бітірген соң, колледжге түсті. Теміржолшы мамандығын таңдады. Білімін жетілдіру үшін жоғары оқу орнында оқыды. Алғашқы еңбек жолын «Қамкор» локомотив депосынан бастады. Жұмысқа орналасқан кезде кішкентай қыздың талабына күмәнмен қарағандар болды. Бірақ бұл мамандық оның жан қалауы еді.

– Маған мамандық таңдаудан тағы бір мүмкіндік берілсе, бұл салаға қайта келер едім. Өйткені бала күнгі арманым болды. Осы кезге дейін вагон жөндеу депосында, «Марал-Нұр» мекемесінде және өзге де жұмыс орындарында істедім. Біраз тәжірибе жинап, білікті маман атандым. Қазір «QZ-VRD» теміржол мекемесінде дефектоскопист қызметін атқарамын. Ол – вагон дөңгелектерінің сапасына жауап беретін маман, – дейді ол.

Айгерім өте еңбеккор, ісіне тиянақты. Өзіне артылған жауапкершілікті тыңғылықты орындайды. Жұмыс кезінде үнемі ізденіп жүреді. Білім алу әркез артық етпейді деген ұстанымы да бар. Қызметте жүріп, Қарағанды қаласында дефектоскопист мамандығы бойынша оқыды. Ол жолаушылар вагонының дөңгелек жарықшаларын тексереді. Арнайы Уд4-76, 211,5, МД 12-ПШ, МД12-ПС дефектоскоп құрылғыларымен жұмыс істейді.

– Жұмыстың жеңілі жоқ. Бірақ өзіме ұнаған іс болғаннан кейін қиын емес. Жарықшаларды тексеру кезінде барлық ақпарат алынып, оны компьютерге енгізіп, нәтижесін шығарамын. Сол бойынша

тиісті мамандар жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жұмысым өте жауапты. Себебі жолаушылар вагоны болғаннан оған қаншама халық мінеді. Сол үшін қауіпсіздікті алдыңғы орынға қоямыз. Дөңгелек жұптарын жөндеу цехында күнделікті қызу жұмыс жүреді. Әр адам өз ісінің білгірі. Теміржолдағы әр вагон өздігінен жүре бермейді. Оның артында қаншама еңбек жатыр. По-йыздар белгілі бір уақытта жөндеуден өтіп тұру керек. Уақыты келгендері осында жеткізіліп, толық тексеруден жөндеуден өтеді. Міне, осы жұмыстарды біз секілді қарапайым адамдар атқарады. Сондықтан теміржол бізді темірдей тәртіпке үйретті, – дейді ол.

Жалпы, бұл саланы таңдайтын қыз-келіншектер аз. Қыз баланың табиғатына келе бермейтін мамандық екені де белгілі. Бірақ бойында қайсар мінезі мен жігері басымдар қадам басып жатады. Айгерім де солардың бірі. Ол кейінгі кезде өзінің білген-түйгенін жас мамандарға үйретіп, баулып жүр. Жолдасы да теміржолда еңбек етеді. Үнемі қолдау білдіріп отырады. Қазір отбасында төрт баланы тәрбиелеп отырған аяулы ана келекешке бейнеттің зейнетін көрсем деген тілегі бар. Сондай-ақ ол теміржол саласында еңбек еткенін мақтан тұтады.

Иә, теміржол тіршіліктің күретауыры іспетті. Ал оның жұмысын жетілдіру, жандандыруда шойын жолда шыңдалған Айгерім сынды білікті мамандардың еңбегі жатыр.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Мен қалай студентті атаандым?

Студент кезімде Тұрсынбек Кәкішев ағайдың өзінің қалай студент болғаны туралы айтқан мына бір естелік әңгімесі менің есімде әлі күнге дейін қалыпты. «Мұғалім күнінде» осы естелікті оқырмандарға жеткізуді жөн көрдім.

1945 жылы 27 қазанда Алматыға оқуға келдім. Оқу әдеттегідей 1 қыркүйекте басталып кеткен. Оқуға келерде апайым: «Сен театр училищесіне түсуің керек, ол болмаса журфакқа бар» деп жіберді. Алматыға келген соң бір кәріс жігіті екеуміз Қонаев көшесінің бойынан үй жалдадық. Таңертең өзімше Алматыны аралап көргім келіп, Совет көшесімен жүріп отырып ҚазГУ деген жазуды көрдім... Коридорына кіріп, бір ашық тұрған



Сурет ашық дереккөзінен

есікке қызығушылықпен басымды сұқтым. Аргы жақта отырған үлкен қазақ кісі «кел» деп мені шақырып алды. Алғашында маған зекіп:

– Неменеге бос сандалып жүрсің?–

деді.

– Оқуға түссем, босқа сандалмаймын ғой.

– Онда қағаздарың қане?

– Міне, қағаздарым.

– Журналист болғың келе ме?

– Иә оқуға алсаңыздар оқимын.

Менің батылдау жауаптар қайтарғанымна риза болды ма, қағаздарымды көріп, «Мінекей мынаны жаз» деп үлгісін көрсетті. Көшіріп жаздым. Қағазды алып, бас жағына: «Оқуға қабылданды» деп қол қойды. Мен аңтаң қалдым. Осылай да оқуға түсуге бола ма екен?

– Неғып таңырқап тұрсың?

– Емтихан бар емес пе, оны қайтемің?

– Онда шаруаң болмасын. Оқуға қабылдандың жүре бер, – деді.

– Айтпақшы қайда орналастың?

– Жалдаған бір үйім бар еді...

– Онда мә саған, жатақхана, міне ордерің! – деді.

Кейіннен білдім, маған осыншама жылылық танытқан жарылқаушы кісі қазақ журналистикасының негізін салушы, сол кездегі ҚазГУ-дің ректоры Қайыржан Бекхожинның өзі екен... Міне, мен осылайша әп-сәтте студент болып шыға келдім.

Тұрсынбек ағайдың айтқан осы естелігі есімде қалған еді...

Тұрсынбек Кәкішев ҚазГУ-дің жұрпагін үздік бітіріп, кейіннен филология ғылымының докторы, профессор атанып, өмірінің соңына дейін сол университетте абыройлы еңбек етіп, қазақ журналистикасы мен әдебиетіне зор үлес қосқан үлкен ғалым болды.

Айбол БИТУҒАНОВ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымырда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.